«8D04203 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған ӘПСІМЕТ НҰРДӘУЛЕТ МҰХАМЕДИЯРҰЛЫНЫҢ «Онлайн алаяқтық қылмыстарын сотқа дейінгі тергеу: қазіргі заманғы мәселелер» тақырыбындағы диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қоғамды жаһандық цифрландыру мен финтех-индустрияның дамуы мүліктік қылмыстарды виртуалды ортаға көшіріп, олардың жаңа трансформацияланған нысандарын қалыптастырды. Интернет-алаяқтықтың үлесі 2018 жылғы 1,8%-дан 2025 жылы 60,5%-ға дейін өсіп, тіркелген фактілер саны бірнеше есе артты, ал қылмыстардың жоғары латенттілігі мен залалды өтеудің төмен деңгейі олардың қоғамдық қауіптілігін күшейтті. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев елімізде әрбір бесінші онлайн алаяқтық қана ашылатынын атап өтіп, киберқылмыспен күрестің жаңа тәсілдерін қалыптастыру қажеттігін көрсетті. Мәселенің құқықтық қыры қылмыстық-процестік заңнаманың цифрлық шынайылықтан артта қалуымен байланысты: ҚР ҚПК-де «электрондық (цифрлық) дәлелдеме» ұғымы бекітілмеген, виртуалды іздер дәстүрлі дәлелдемелер санатына жасанды түрде енгізіледі, ал азаматтық-құқықтық дау белгілері болған жағдайда арыздарды тіркеуге шектеу қоятын нормалар цифрлық алаяқтықты тергеуде қосымша кедергілер туындатады. Сонымен қатар халықаралық құқықтық көмек тетіктері трансшекаралық кибержымқырулардың жедел сипатына бейімделмеген. Ғылымда цифрлық жымқырулардың құқықтық табиғаты мен цифрлық іздердің мәні туралы бірыңғай көзқарас қалыптаспағандықтан, дәстүрлі тергеу моделінен цифрлық деректерді бастапқы таным объектісі ретінде қарастыратын жаңа тәсілге көшу қажеттілігі туындайды. Құқық қолдану тәжірибесінде тіркелген кибержымқырулардың аз бөлігі ғана сотқа жетіп, істердің басым бөлігі күдіктінің анықталмауына байланысты тоқтатылады, ал тергеу органдарында цифрлық дәлелдемелермен жұмыс істеуге қажетті құралдар мен мамандандырылған құзыреттер жеткіліксіз. Осыған байланысты цифрлық іздерді жедел сақтау, тергеу әрекеттерін алгоритмдеу және банктердің антифрод-жүйелерін қылмыстық процеске интеграциялау қажеттілігі артып отыр.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты: инновациялық артефактіге бағдарланған қылмыстық сот ісін жүргізу моделін құрастыру және Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар кешенін әзірлеу үшін жаһандық цифрландыру жағдайындағы онлайн алаяқтықты сотқа дейінгі тергеп-тексеру тетігін кешенді теориялық-құқықтық, криминалистикалық және праксиологиялық талдау болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

– онлайн алаяқтықтың теориялық негіздері мен тарихи-құқықтық генезисін ашу;

– онлайн алаяқтықтың көпфакторлы жіктеу моделін әзірлеу;

– алаяқтықтың дәстүрлі және цифрлық модельдеріне салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу;

– онлайн алаяқтықтың латенттілігі себептерін және институционалдық салдану детерминанттарын анықтау үшін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау сатысының нормативтік және құқық қолдану негіздерін талдау;

– гиперқұбылмалы электрондық (цифрлық) дәлелдемелерді тиімді жинауға, процестік бекітуге және бағалауға кедергі келтіретін тұжырымдамалық, рәсімдік және когнитивтік кедергілерді бағалау;

– желілік жымқырулардың трансшекаралық (экстерриториялық) табиғатының ұлттық юрисдикцияға әсерін зерделеу және онлайн алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың озық халықаралық тәжірибесін зерттеу;

– қазіргі цифрландыру жағдайында Қазақстан заңнамасын жетілдіру мәселелерін айқындау.

Зерттеу объектісі: қаржылық және телекоммуникациялық ортаны жаһандық цифрландыру жағдайында онлайн алаяқтықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру процесінде қылмыстық сот ісін жүргізу саласында қалыптасатын, құқық нормаларымен реттелген қоғамдық қатынастар кешені.

Зерттеудің пәні: электрондық (цифрлық) дәлелдемелерді және сотқа дейінгі іс жүргізуді реттейтін ҚР қылмыстық, қылмыстық-процестік және сабақтас заңнамасының, сондай-ақ киберқылмысқа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық-құқықтық актілердің нормалары.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы гиперқұбылмалы цифрлық орта мен қылмыстық сот ісін жүргізудің консервативті нысаны арасындағы тұжырымдамалық алшақтықты еңсеруге бағытталған кибержымқыруларға қарсы іс-қимылдың кешенді теориялық-әдіснамалық және практикалық моделін әзірлеумен айқындалады. Зерттеу аясында алғаш рет «цифрлық децепция» ұғымы ғылыми айналымға енгізіліп, онлайн алаяқтықтың эволюциялық моделі негізделді, сондай-ақ виртуалды деректерді физикалық жеткізгішпен байланыстырудан бас тартатын «электрондық (цифрлық) дәлелдеменің» дербес дефинициясы ұсынылды. Құқық қолданудағы «цифрлық нигилизм» мен «технологиялық ұсталмаушылық» феномендері тұжырымдалып, микрокредиттік жымқырулардың «қос объектілілік» тұжырымдамасы негізделді. Авторлық «артефактіге бағдарланған» киберпроцестік модель мен превентивті, инициациялық, артефактілік, атрибуттық және жолын кесушілік деңгейлерін біріктіретін бес деңгейлі интегративті жүйе ұсынылды. Сонымен қатар кибержымқырулардың көпфакторлы жіктемесі мен цифрлық іздерді жедел криптографиялық бекітуге негізделген «72 сағат» тактикалық алгоритмі әзірленді. Зерттеуде виртуалды іздердің табиғаты мен «жеделдетілген деградация» тұжырымдамасы ғылыми тұрғыдан негізделіп, банктердің антифрод-жүйелерін тергеу аппаратымен интеграциялауға бағытталған құқықтық конвергенцияның платформалық моделі ұсынылды. Ұсынылған

тәсілдер цифрлық дәлелдемелер мәртебесінің құқықтық белгісіздігін жоюға, арыздарды тіркеу сатысындағы жасанды латенттілікті төмендетуге және трансұлттық киберқылмыс жағдайында тергеудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің әдістемелік негізін онлайн алаяқтық феноменін оның үздіксіз эволюциялық динамикасында және жаһандық цифрландыру процестерімен ажырамас өзара байланыста объективті қарастыруға мүмкіндік беретін ғылыми танымның жалпыға бірдей диалектикалық әдісі құрайды. Теориялық тұжырымдар мен практикалық ұсынымдардың дәйектілігі мен негізділігі жалпы ғылыми және арнайы заңдық әдістер жүйесін кешенді қолданумен қамтамасыз етіледі.

Талдау мен синтездің жалпы ғылыми әдістері, сондай-ақ жүйелі-құрылымдық тәсіл кибержымқырулардың көпфакторлы жіктеу моделін құрастыру және сотқа дейінгі тергеп-тексерудің инновациялық «артефактіге бағдарланған» парадигмасын әзірлеу кезінде қолданылды. Тарихи-құқықтық әдіс виртуалды децепция тетігінің генезисі мен трансформациялану кезеңдерін зерделеу үшін пайдаланылды.

Зерттеу арсеналында ерекше орынды салыстырмалы-құқықтық (компаративистік) әдіс алады, оның көмегімен озық халықаралық практикаға терең пәнаралық талдау жүзеге асырылды. Бұл әдіс алаяқтықтың дәстүрлі және цифрлық нысандары арасындағы терең сапалық айырмашылықтарды анықтап қана қоймай, сонымен қатар романо-германдық және ағылшын-саксондық құқықтық отбасылардың киберқылмыстарды саралауға тұжырымдамалық тәсілдерін салыстыруға мүмкіндік берді. Оның көмегімен ұлттық юрисдикцияға үздік халықаралық стандарттардың рецепциясын негіздеу үшін шетелдік технологиялық тергеп-тексеру модельдерінің, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерінің тиімділігі бағаланды.

Формальды-құқықтық (догматикалық) әдіс Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамасының нормаларын түсіндіру, институционалдық коллизияларды (атап айтқанда, тергеп-тексеруді бастау кедергілерін) диагностикалау және нормативтік базаны жаңғырту бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу кезінде пайдаланылды. Статистикалық және криминологиялық әдістер қылмыстылықтың динамикасын объективті бағалау, эмпирикалық деректер массивтері негізінде оның процестік латенттілігінің деңгейін және өңірлік ерекшелігін айқындау үшін қолданылды.

Қорғауға ұсынылған негізгі ережелер:

1. Цифрлық технологияларды енгізу сандық өсуге емес, пайдакүнемдік қол сұғушылықтар тетігіндегі іргелі сапалық ауысуға әкелгені дәлелденді, бұл авторлық үш кезеңдік эволюциялық модельмен (пайда болу, қалыптасу, институционалдану кезеңдері) расталады. Аталған феноменді дәл доктриналық бейнелеу үшін объективті шынайылықты контактілі бұрмалаудан алдаудың қашықтан-виртуалды тетігіне көшуді білдіретін «цифрлық децепция» ұғымы енгізілді;

2. Гибридті криминалдық феномен ретіндегі онлайн алаяқтықтың

біріздендірілген ұғымы тұжырымдалды. Тиісті қылмыстық-процестік саралауды қамтамасыз ету мақсатында технологиялық, объектілік, құрылымдық және трасологиялық өлшемшарттарды біріктіретін көпфакторлы жіктеме әзірленді. Жіктеу құрылымына алғаш рет сотқа дейінгі іс жүргізудің тактикалық-ұйымдастырушылық алгоритмдерін таңдауды айқындайтын «тергеп-тексерудің процестік күрделілігі» (төмен, орташа, жоғары) өлшемшарты кіріктірілді;

3. Микрокредиттеу саласындағы онлайн алаяқтық қос объектілілікпен сипатталатыны негізделді: тікелей мүліктік залал қаржы ұйымына, ал қосымша ақпараттық зиян – деректері компрометацияланған жеке тұлғаға келтіріледі. Қаржы институты бастапқы жәбірленуші болып табылатыны дәлелденді, бұл ҚР ҚК-нің 190-бабы 2-бөлігін: «*қаржы ұйымының ақпараттық жүйесіне көрінеу жалған компьютерлік деректерді енгізу арқылы жымқыру*» деген арнайы саралаушы белгімен толықтыруды талап етеді.

Сонымен қатар, ресми соттық түсіндіру деңгейінде кибержымқырулардың сатылылығын регламенттеу қажеттілігі негізделді: құпия аутентификациялық ақпаратты (CVV-кодтарды, SMS-парольдерді) алдау жолымен иеленіп алуды алаяқтыққа оқталу ретінде саралау орынды, бұл туралы ҚР Жоғары Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы №6 нормативтік қаулысын толықтыру ұсынылады;

4. Қаржы институтын бастапқы жәбірленуші ретінде тану тұжырымдамасын процестік тұрғыдан іске асыру мақсатында, дербес деректері заңсыз пайдаланылған жеке тұлғалардың құқықтарын сотқа дейінгі қалпына келтіру тетігі әзірленді. Атап айтқанда, ҚР ҚПК-тің 193-бабы 19-1-бөлігін қосу арқылы келесідей нұсқа ұсынамыз: *«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында қылмыстық іс бойынша несие беруші органды жәбірленуші ретінде тану және несие рәсімделген тұлғалардан несиелік шығындарды алып тастау жөнінде тергеу соттарына өтінішхат келтіреді»*.

ҚР ҚПК-тің 55-бабының 2-бөлігінің 5-1-тармағын қосу арқылы келесідей нұсқа ұсынамыз: *«Прокурордың ұсынуымен қылмыстық іс бойынша несие беруші органды жәбірленуші ретінде тану және несие рәсімделген тұлғалардан несиелік шығындарды алып тастау туралы мәселені қарайды»*;

5. Қылмыстық процестің дәстүрлі субъектіге бағдарланған логикасынан инновациялық артефактіге бағдарланған модельге парадигмалық көшудің объективті қажеттілігі негізделді. Бұл тұжырымдама цифрлық артефактіні кейінгі деанонимизациялау үшін баламасыз бастапқы дереккөз ретінде қарастыра отырып, кінәлі адамды жедел дербестендіру әрекеттерінен гөрі гиперқұбылмалы электрондық іздерді дереу криптографиялық тіркеп-белгілеудің абсолютті процестік басымдығын белгілейді;

6. Виртуалды деректерді физикалық жеткізгішке архаикалық процестік байлаудан түпкілікті бас тартуды қамтамасыз ететін «электрондық (цифрлық) дәлелдеменің» авторлық анықтамасы тұжырымдалды. Деректердің өмір сүру жылдамдығы мен тергеудің инерттілігі арасындағы асимметрияны

түсіндіретін «цифрлық іздердің жеделдетілген деградациясы» криминалистикалық тұжырымдамасы негізделді, сондай-ақ тергеу органдарының виртуалды артефактілердің технологиялық ерекшелігін жүйелі түрде елемеуі – құқық қолданудағы «цифрлық нигилизм» деструктивті феномені тұжырымдамаланды. Ұсынылған тұжырымдаманы институционалдау мақсатында ҚР ҚПК-не өзгерістер кешені әзірленді:

– ҚР ҚПК-тің 7-бабына 59-тармағын енгізуді: «*Электрондық (цифрлық) дәлелдемелер – ақпараттық жүйелерде, желілік ресурстарда, электрондық құрылғыларда цифрлық формада қалыптастырылған, сақталатын, өңделетін немесе берілетін, қылмыстық іс үшін мәні бар мән жайларды белгілеу және тексеру үшін қолданылатын деректер (нәрселер)»*.

– ҚР ҚПК-тің 112-бабының 2-бөлігіне келесідей толықтыру енгізуді: «*Қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты деректер: күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, қорғалуға құқығы бар куәнің, сарапшының, маманның айғақтарымен; сарапшының, маманның қорытындысымен; заттай және электрондық (цифрлық) дәлелдемелермен, процестік әрекеттердің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен белгіленеді*.

– ҚР ҚПК-тің 118-бабының 1-бөлігіне 6-тармақты енгізуді: *«Ақпараттық жүйелерде, желілік ресурстарда, электрондық құрылғыларда цифрлық формада қалыптастырылған, сақталатын, өңделетін немесе берілетін, қылмыстық іс үшін мәні бар мән жайларды белгілеу және тексеру үшін қолданылатын деректер (нәрселер)»*;

7. Превентивті, инициациялық, артефактілік, атрибуттық және жолын кесушілік деңгейлерін ажырамас түрде біріктіретін тергеп-тексерудің авторлық бес деңгейлі интегративті архитектурасы ұсынылды. Оны іске асыру үшін ҚР ҚПК-нің 131-бабының 4-бөлігін ұстап алу үшін: *«қашықтағы серверлерде іздерді шұғыл криптографиялық бекіту қажеттілігіне байланысты үлестірілген ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып сериялық онлайн алаяқтық жасады деген күдік болған кезде»* деген жаңа негізбен толықтыруды ұсына отырып, дәлелдемелерді сақтаудың императивті хронологиялық сүзгісі ретінде шұғыл «72 сағат» алгоритмін енгізу негізделді.

Диссертация нәтижелерінің сыннан өтуі. Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасында орындалды. Диссертация материалдары бойынша 15 жарияланым жарық көрді және олардың ішінде 8 (сегіз) мақала – ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған ғылыми басылымдарда, 5 (бес) мақала – Халықаралық конференциялар жинақтарында, 2 (екі) мақала – халықаралық ғылыми-метриялық базаларда (Scopus, Web of Science) индекстелетін журналдарда жарияланды.

Диссертацияның құрылымы. Зерттеудің құрылымы қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді. Жұмыс кіріспеден, он бөлімшеден тұратын негізгі мазмұнды қамтитын үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың көлемі ғылыми диссертацияларға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.